




Бекітемін: 
№28 «Ақбота» бөбекжай-
балабақшасы менгерушісі
Ереженова Г.Ш

№28 «Ақбота» бөбекжай – балабақшасы логопедінің жалпы сөйлеу тілі дамымаған
ІІІ-деңгейдегі балалармен жүргізілетін ұйымдастырылған іс-әрекеттің бағдарламасы
Бірінші жартыжылдық (қыркүйек-желтоқсан)

2025 – 2026 оқу жылы

Түсінік хат

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған III-деңгейдегі 3-4 жастағы баламен жүргізілетін түзете-дамыту бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларының арнайы түзету қызметіне сәйкес және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Типтік оқу бағдарламасының (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) негізінде құрастырылған.

Бағдарлама ЖСТД III-деңгейдегі баланың жас ерекшеліктерін, сөйлеу тілінің даму сатыларын және логопедиялық диагностиканың нәтижелерін ескере отырып құрастырылды. Негізгі мақсат – сөйлеу тілінің әртүрлі компоненттерін кешенді түрде дамыту арқылы балалардың жалпы қарым-қатынас қабілеттерін арттыру және мектепке дейінгі білім алуға дайындықтарын қамтамасыз ету.

Бағдарламаның міндеттері:

- Импрессивті сөйлеу: жекеше және көпше сөздерді ажырату, қарапайым нұсқауларды түсіну, тәуелдік формаларын меңгеру.
- Экспрессивті сөйлеу: заттардың бөліктерін атау, екі-үш буынды сөздерді айту, сын есімдерді қолдану, қарапайым сөйлемдер құрастыру.
- Байланыстырып сөйлеу: сурет бойынша сөйлем құрастыру, тұрмыстық әрекеттерді сөзбен сипаттау, сұраққа қысқа жауап беру, тақпақтарды қайталау.
- Фонематикалық түсініктер: дыбыстарды естіп ажырату, ашық буынды сөздерді айту, қарапайым артикуляциялық жаттығулар орындау.
- Коммуникативтік дағдылар: сыпайылық формулаларын қолдану («Сәлем», «Рахмет»), қарапайым сұрақ-жауап үлгілерін пайдалану, қарапайым диалог жүргізу.

Бағдарламаның мазмұны:

Бағдарлама екі жартыжылдыққа бөлінген: I жартыжылдық (қыркүйек – желтоқсан); балаларды сөйлеудің қарапайым құрылымдарына үйрету, сөздік қорды байыту, дыбыстық және фонематикалық қабылдаудың алғышарттарын дамыту.

Күтілетін нәтижелер: жекпе-жек және көпше сөздерді қолданады, 2-3 сөзден сөйлемдер құрайды, сын сөімдерді зат есімдермен байланыстырады, қысқа тақпақтарды жатқа айтады, қарапайым диалогке қатысады.

**Түзете-дамыту бағдарламасы
ЖСТД 3- деңгей орта топ, 1-жарты жылдық**

Мертімі	Даму жұмысының бағыты Максат және күтілетін нәтиже	Жетістіктерін белгілеу	Ескертпе
Қыркүйек-желтоқсан	<p align="center">Импрессивті сөйлеуді дамыту</p> <ul style="list-style-type: none"> - лексикалық тақырыптар бойынша ең жар сөздісті әрі қарай дамыту. "бір-көп" түсінігін сәйкестендіре алуды қалыптастыру «Бала бір алма жеді», «Балалар алмалар жинап жатыр»; - жекеше және көпше түрдегі зат өсім мен етістіктерді түсіне алуды балаларға үйрету: «Бала ойнады – Балалар ойнады»; - кішірейткіш-еркелету мәніндегі сөздерді пайдалануды үйрету; - жағдаяты бойынша ұхсас, іс-әрекет мағынасы және белгілері бойынша қарама-қарсы әрекеттерді ажырата алуға оқыту «Айнуыр тұр, ал Айдос отыр. Олар керісінше іс-әрекет жасады»; - тәуелдік сын есім түсінігіне оқыту «Бұл менің кітабым. Ол – Аружанның сөмкесі»; - зат есім және етістіктердің жекеше және көпше түрдегі грамматикалық категорияларын түсінуді қалыптастыру. Мысық ұйықтап жатыр» – «Мысықтар ұйықтап жатыр» 		
Қыркүйек-желтоқсан	<p align="center">Экспрессивті сөйлеуді қалыптастыру</p> <ul style="list-style-type: none"> - тұтас заттың бөліктерін атауды және ажырата алуды қалыптастыру; - жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыра-алуға үйрету (ішіні + қызметі: қызыл, дөңгелек заттар – доп, алма); 		

	<ul style="list-style-type: none"> - заттардың сапасын және ерекшеліктерін бейнелейтін сөздермен балалардың сөйлеу тілін молайту (жұмсақ, үлкен, қызыл дән); - екі буынды сөздерді екінші бірінші буынға қоюмен айтуға үйрету; - бір буынды сөздерді айтуға үйрету, бір буынды сөздерді септік жалғаулары арқылы түрлендіріп айту (бормен, сүтке); - екі құрамды сөйлемдер және бірнеше сөздерден құралған сөйлемдермен қолдана алуға үйрету; - Мағынасын өзгертіп сөз жасау дағдыларын дамыту (ойын – ойыншық – ойыншықтар); - Кішірейткіш және еркелету мәнін түсіндіру, сөйлемде қолдануға үйрету («Мынау – қонжық, кішкентай аю»); - зат есімнің септік түрін меңгеруге оқыту (табыс, ілік, барыс, көмектес, жатыс септіктер) («Алинаның үйі», «қаламмен жазды»); - Бұйрық пен қимыл қатар қолдануға оқыту («Жуын да ұйықта», «Келе ғой, апанды шақыр»); - Сын есім мен зат есімді сөйлем ішінде жекеше/көпше түрде өзгертіп қолдануды дамыту («Кішкентай бала ойнайды», «Кішкентай балалар ойнайды») 		
<p>Қырсүйек-желтоқсан</p>	<p style="text-align: center;">Байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру (сөйлеудің кез-келген фонематикалық рәсімделуімен)</p> <ul style="list-style-type: none"> - екі құрамды сөйлемді меңгеруге оқыту ("Авам отыр", "Әкем жүріп келеді"); - балалардың күнделікті әрекеті, сурет бойынша, қимыл-қозғалыстарды демонстрациялау негізінде қарапайым сөйлемді құрастыруға үйрету; 		

	<ul style="list-style-type: none"> - сұрау сөйлемдерін құрастыруды оқыту "Бұл не?", "Бұл кім?", "Сенің есімің қалай?"; - таптар, өтірік елестерді айтуды аяқтайтын жаттығуларды орындау; 		
Қыркүйек-желтоқсан	<p style="text-align: center;">Фонематикалық түсініктердің алғышартын қалыптастыру</p> <ul style="list-style-type: none"> - тілдік және тілдік емес дыбыстарды ажырата алуды тәрбиелеу; - 2-3 дыбысты салыстырып, қайсысы тілдік/тілдік емес екенін анықтауға оқыту; - Дыбыс көзін сипаттауға жаттықтыру: «Бұл қонғару – мектепте шығады», «Мынау – бала сөйлеп тұр»; - Өңгіме барысында дыбыс көзіне назар аудартуға дағдыландыру; - қарапайым артикуляциялық жаттығуларды орындауды үйрету; - дұрыс айтылатын дыбыстардан құралатын, ашық және жабық буынды бір, екі, үш буынды сөздерді айта алуға үйрету. 		
Қыркүйек-желтоқсан	<p style="text-align: center;">Коммуникативтік дағдыларды дамыту</p> <ul style="list-style-type: none"> - ситуативті-іскерлік қарым-қатынас түрінде вербалды және вербалды емес құралдарды жаңғыртуға және қабылдай алу ікемділігіне оқыту «Текшені ал, үстелге қой»; - ойын жағдаяттарын қолдана отыра, вербалды айқын сұрақтар бойынша диалогтік қарым-қатынасқа оқыту: Бірнеше сөйлеммен диалог жүргізу: – Сен не істеп жатырсың? – Мен сурет салып жатырмын. – Қандай сурет? – Күн мен гүл. - қатынас орнатушы сұрақтарды қолдануды және түсіне алуды оқыту: Қатынас орнатушы сұрақты өздігінен құрастырып, диалогты өзі бастау – Сен немен ойып жатырсың? – Мен машинамен ойып жатырмын. - мимика және пантомимика көмегімен достық сезімін білдіру, сыпайы түрде өтіну, алғыс білдіру формулаларға оқыту. ; 		

Этикалық формулаларды нақты жағдаятта қолдану: – Дәпті бересің бе? – Иә, міне. – Рақмет, сен жақсысың!
- Пантомимикамен өтінішті білдіру + вербалды сөйлеумен қоса қолдануы дамыту;

Логопед: Сермағамбетова Ш.М